



**Білім беру саласы:** Таным.Қатынас.Шығармашылық.

**Білім беру бөлімі:** Қоршаған ортамен танысу.Тіл дамыту. Жапсыру. Музыка

**Тақырыбы:** Туған өлкенің ағаштары.

**Мақсаты:** Балалардың туған өлкеміздегі ағаштарды және олардың пайдасы туралы білімдерін кеңейту. Жеміс және сәндік ағаш түрлерін ажырата білуді үйрету. Ойын арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Жұмбақтар, өлеңдер, мақал-мәтелдер арқылы тілдерін дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Әдіс тәсілдер:** Әнгімелесу, түсіндіру, ойын, сұрақ –жауап.

**Көрнекіліктер:** Табиғат бейнеленген сурет, ағаштардың және ағаш жапырақтарының суреттері. Шығармашылық жұмысқа қажетті құралдар, ағаштардың макеті.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы кезеңі	Шаттық шеңбері Табиғат біздің анамыз Табиғатқа біз баламыз Табиғатты сүйеміз Біз әдепті баламыз Жиылған көп қонаққа Иіліп салем береміз. <b>Ән:</b> Үйренеміз	Балалар қимылмен орындайды.  Келген қонақтармен сәлемдеседі.  Балалар музыка жетекшісімен әнді хормен орындайды.
Ұйыдастырушы ізденушілік кезеңі	Балалар біздің отанымыз қай ел?  Дұрыс айтасындар балалар, бідің Отанымыз Қазақстан. Олай болса Отанымыз туралы тақпақ айтайықшы. Жарайсындар балалар!  Қазақстанымызда нелер бар?  Дұрыс айтасындар, туған өлкеміз неше түрлі ағаштарға бай.  <b>Тосын сәт:</b> (Суретшінің келуі, ол балалардың суреттеріне таң қалып қарайды) <b>Суретші :</b> Сәлеметсіңдерме балалар! Сендер кімсіңдер, мен қайда тап болдым? Мына суреттерді сендер салғаныңдар ма? Қандай керемет! Сендерде мен сияқты сурет салғанды ұнатады екенсіңдер. Менде сурет салғанды өте жақсы көремін. Олай болса мен сендерге менің ұстазымның туындысын сыйлыққа берейін, ал сендердің мына суреттеріңді мен сыйлыққа алайын. - Ал балалар сау болыңдар!	Қазақстан  Елімнің атын айтсам Қазақстан Жерімнің атын айтсам Қазақстан Қойнауы қазыналы, кенге толы Байлығым атын айтсам Қазақстан  Орман- тоғайы, өзен көлдері, ағаштары бар.  Сәлеметсіз бе!  Балалар суреттерді өздері салғанын айтады.  Сау болыңыз!

	<p>Балалар мына туындыға назар аударайықшы.  Бұл туынды Ә.Қастеев атамыздың туындысы екен.  Туған өлкенің ағаштарын, ормандарын бейнелепті. Біздің өлкемізде осындай керемет ағаштар барма, балалар.  Сендер ағаштардың түрлерін білесіндерме?  Жеміс ағаштары және сәндік ағаштары бар екен.  Жеміс ағаштарын атап өтейікші?  Сәндік ағаштарын атап өтейікші?</p> <p>Ағаштарды жылдың қай мезгілінде отырғызамыз?  Ағаштар қай мезгілде жеміс береді?  Жарайсындар, балалар!</p> <p>Ал енді жұмбақтар шешіп көрейікші.</p> <p>Дауылға нық күшті  Ағаштың мықтысы.</p> <p>Дауылға да, аязға да  Шыдап бағар міз бақпай.  Тау етегі тұрағы.  Жап- жасыл боп тұрады.</p> <p>Ақ көйлекті көк желек  Орманда орны бір бөлек  Өннің аты деседі  Сазды жерде өседі.  Қазақ халқы оны ең сұлу ағаш дейді, ол қай ағаш?</p> <p>Тәтті  Тәттінің іші қатты  Қаттының іші тәтті.</p> <p>Жазда жатсаң -көлеңкесіне алады  Қыста жақсаң – жаның рахат табады</p> <p>-Ал, балалар, осы ағаштар туралы тақпақтар мен мақал-мәтелдер айтайықшы.</p>	<p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p> <p>Алма, алмұрт, өрік, алша т.б.  Шырша, емен, ақ қайың, қарағай т.б.</p> <p>Көктемде  Күзде</p> <p>Емен ағашы.</p> <p>Шырша ағашы.</p> <p>Ақ қайың ағашы</p> <p>Өрік</p> <p>Тал</p> <p><b>Жанель:</b>  Қатар –қатар көп терек,  Көкке бойлап өседі  Жапырағы көкпенбек  Сенге бөлеп көшені</p> <p><b>Алмаз Дана:</b>  Білуші едім еменді.  Ең мықты ағаш дегенді,  Жапырағы жайқалған.  Саясы бар көлемді.</p>
--	---	--

**Саян:**  
Алатауды бөктерлей,  
Өседі ылғи аққайын.  
Жапырағы көкпенбек,  
Жайқалады жаз сайын.

**Алия:**  
Көкке бойын созады,  
Көпке қолын созады  
Кең құшағын ашады  
Көлеңкесін тосады  
Көк қарағай, қарағай  
Мейірбанды анадай.

**Көркем:**  
Тіл үйірген шырынмын  
Жемістердің бірімін  
Мен маржандай шиемін  
Ұнатамын күн нұрын.

**Алуа:**  
Бақ ішінде алмалар  
Бар жемістен бағалы  
Көрген адам таңданар  
Көздің жауын алады.

**Аружан:**  
Ағашты жердің ырысы мол  
Бауырмалдың тынысы мол.

**Ғалия:**  
Атаңнан мал қалғанша,  
Тал қалсын.

**Рамазан:**  
Адам досымен мықты,  
Ағаш тамырымен мықты.

**Данагүл:**  
Бір тал кесең  
Он тал ек.

Балалар әр ағаштың тұсына  
берер пайдасын көрсетеді.

Балалар музыка жетекшісімен  
сергіту сәтін дене  
қимылдарымен орындайды.

**Айғаным:**  
Бір дегенім - бәйтерек,  
Екі дегенім - емен,  
Үш дегенім - үйенкі,

Ал, осы ағаштардың бізге берер пайдасы бар  
ма екен?

**Дидактикалық ойын:** «Кім жылдам?»

**Шарты:** Әр ағаштың тұсына пайдасын  
көрсету керек.

- Көрдіндер ме, балалар ағаштар біздің  
өмірімізге ауадай қажет. Сондықтан  
ағаштарды аялап, қамқорлық жасап  
көбейту керек.

**Сергіту сәті:** «Көңілді жаттығулар»  
(Музыка жетекшісімен)

Ал енді балалар, біз ағаштар туралы  
санамақ айтайықшы.

	<p><b>Тосын сәт:</b> (Дымбілместің келуі)  Басым қатып кетті-ау, не істесем екен?  Қалай санасам екен?  - Саламатсыз ба?  Сен кім болдың, мұнда не істеп жүрсің?  - Мен Дымбілмеспін, мен мына суреттегі ағаштарды санай алмай жүрмін.</p> <p>Дымбілмес сен санай алмасаң біз көмектесеміз бірақ сен бізбен сәлемдеспедің ғой, қай кездеде бірінші сәлемдесу керек.  Балалар Дымбілмеске көмектесеміз бе?  Балалар мұнда көп ағаштар бар екен. Қане санап көрейікші неше қайың, неше шырша, неше емен бар екен? Санап шығайықшы.  Жарайсындар, балалар. Дымбілмес енді сен санап үйрендің бе?  <b>Дымбілмес:</b> Ия балалар сендерге көп –көп рахмет. Енді мен санай аламын. Мен атам мен апама барып санап берейін.  Сау болындар балалар!</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Жапырағына қарап ажырат»</b>  <b>Шарты:</b> Әр ағаштың жапырағын алау.</p> <p>Жарайсындар балалар!  <b>Сергіту сәті:</b>  Жаңбыр жауар себелеп,  Тығылады көбелек.  Қолымызда қол шатыр,  Би билейік дөңгелеп.</p> <p>Балалар ендеше шығармашылық орталыққа барып жұмыс жасайық.  1-топ шырша жапсыру  2-топ емен жапсыру  Жарайсындар, балалар!  <b>Ән:</b> «Шырша жыры»  (Музыка жетекшісі)</p>	<p>Төрт дегенім- тұт,  Бес дегенім- беке.  <b>Айсана:</b>  Алты дегенім-арша,  Жеті дегенім –жиде,  Сегіз дегенім- сексеуіл,  Тоғыз дегенім- тораңғы,  Он дегенім- орман,  Орман толы қорған.</p> <p>Ия көмектесеміз.</p> <p>Балалар санап шығады</p> <p>Сау болыңыз!</p> <p>Балалар жапырақтарды бөліп алып, қай ағаштың жапырағы екенін айтады.</p> <p>Балалар сергіту сәтін жасайды.</p> <p>Балалар шығармашылық жұмыспен айналысады.  Балалар музыка жетекшісімен шырша жырын орындайды.</p>
--	---	--

Корытынды кезеңі	<p>Ал, балалар, бүгін біз ұйымдастырылған оқу іс- әрекетті не жайында өттік?          Қандай ағаштар бар екен?          Бізге кімдер қонаққа келді?          Жарайсыңдар, балалар!          Ал, балалар келген қонақтармен қоштасайық.          Бәріміз дос бауырмыз          Ажырамас іргеміз.          Қиындыққа мойымай          Сау болыңыз дейміз біз!</p>	<p>Балалардың жауабы тыңдалады.</p> <p>Балалар өлең жолдарын хормен орындайды.</p>
------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білді: ағаштың турлерін, берер өнімдерін.

Түсінеді: Ағаштарды жапырақтарына қарай ажыратуды, табиғатқа қамқор болуды.

Қолданады: шығармашылық орталықта жұмысты ұқыпты жасауды.





*Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылы  
"Балдырған" балабақшасы*

*Ертеңгілік*

# *Балабақшамызбен қоштасып, мектепке қадам басамыз*

*Тәрбиешілері: Даулетбаева Т.  
Қалыбаева С.*

*2017 - 2018 оқу жылы*



# Бакшамызбен коштасып, мектепке кадам басамыз!

*Бекітілген*

*Б/Б мектеп: Бекмурза*

(Балабақшамен коштасу кеші)

**Дауыс:** Тынданыңдар, тынданыңдар! Құрметті қонақтар, ата – аналар! «Бакшамызбен коштасып, мектепке кадам басамыз!» балабақшамен коштасу ертеңгілігіне «Балдырған» балабақшасының «Жұлдыз» ересектер тобының түлектері «Бакытты балалық шақ» ұшағымен келіп қонды. Ертеңгілік барысында қол телефондарыңызды өшіріп, дабыр сөзді қойдырып, қолдарыңыздан келгенше әр баламызды қошеметтеп, әр сөздерін мұқият тындап, өнерлеріне тамсанып, қуаныштарың бөлісулеріңізді сұраймыз. Залға балалар шармен музыка әуенімен кіреді.

**Барлығы:** *ХОР*

Жаксылыққа құмармыз,  
Жаксы адам боп шығамыз.  
Таза сәби жүректен,  
Қабылданғыз мың алғыс!

**Көркем:** *Арнайы*

Құрметті қонақтар армысыңдар  
Бәріңізде есен – аман бармысыңдар?  
Таусылмайтын ағытып ой арманың  
Ал, достарым ақ жол тілеп, сөз бастағың

**Дархан:** *Мухамеджан*

Ақ тілекті ағытып бір тастайық  
Қоштасатын кешімізді біз бастайық  
Жүздерінен көркем шаттық арайлы  
Болсын солай әрбір күнің, әр айың

**Көркем :** Бүгінгі коштасу кешімізді бастай отырып ортаға білім мен тәрбие нәріне сусындатқан апайларымызды ортаға шақырамыз.

**Тоғжан:**

Жайнаған сәлем гүлдей балғындарым  
Тәрбие бакшамыздан алғандарым  
Ержетіп енді міне бәрің бірге  
Мектепке достарыңмен барғандарың.  
Қайырмасы.  
Ей, балғындарым- ай,  
Беу, жаркындарым- ай,  
Балаларым-ай

**Сауле:**

Әрқашан күлерсіндер, шаттаныңдар  
Барлығың болашаққа аттаныңдар  
Жұптарың әрқашанда жазылмасын  
Қиындық ешқандайда жолықпасың

**Ән-хор:** «Дос болайық бәріміз»

**Тоғжан:**

Өтті қызық көп күндер  
Алты жасқа жеттіңдер  
Барасыңдар мектепке  
Бір белестен өттіңдер.

Қымбатты ата – аналар, балабақша қызметкерлері қонақтар бүгін біздің бірнеше жыл мәпелеп, күтіп, тәрбиелеп

*Құрметті  
қонақтар  
бүгінгі  
кешімізді  
бастайық*

өсірген бүлдіршіндерімізді мектеп табалдырығына шығарып салғалы отырмыз. Әрине бұл да үлкен той, тойларыңыз құтты болсын! Кәнекей кішкентай түлектерімізді тағы да бір қошеметтеп бір қол соғып қоялық.

**Сауле:**

Өсті ақыл, ойларын,  
Өсті, міне, бойларын.  
Қуанышқа ортақпыз  
Құтты болсын тойларын!  
Бүгінгі кешіміздің түлектерін таныстырып өтсек.  
Биязы мінезімен  
Түрлі рөлді сомдайды.  
Қүлімдеген Жанельді  
Барлық досы қолдайды.

**Тоғжан:**

Спортты жаны сүйеді  
Салаутты өмір сүреді.  
Бар қоғамдық жұмыстың,  
Ортасында жүреді.  
Майлыбай Ернұр топтың жүрегі.

**Сауле:**

Қандай да болсын игі іс,  
Онсыз сірә бітпейді.  
Гүл жайнаған Көркемді  
Жауқазын гүлге теңейміз.

**Тоғжан:**

Сабырлы, жайсаң мінезі  
Адалдықты сүйеді.  
Бәрі де бәрі сыйлайды  
Топтас құрбы Алуаны.

**Сауле:**

Бойында үлкен намыс бар,  
Әрқашан алға ұмтылған.  
Сегіз қырлы, бір сырлы  
Намысшыл жігіт Мұхамедәлі.

**Тоғжан:**

Ортамыздың ажары,  
Ғалиядай ерке қыз.  
Әр қылығын көтеріп,  
Еркелете береміз.

**Сауле:**

Ойы ұшқыр Айсана,  
Математиканы сүйеді.  
Қиын есеп болса да,  
Лезде шешіп береді.

**Тоғжан:**

Азамат болу арманы  
Өзі сондай салмақты.  
Нұрландырған ортаны,  
Біздің Рамазан жан-жақты..

**Сауле:**

Білімді қыз инабат,  
Болар бізге колқанат.  
Жақсылықты арқалап,  
Данагүлде бар талант.

**Тоғжан:**

Мына біздің Зереміз  
Ибалы да өнерлі.  
Ақылы оның өте көп,  
Сүйкімді боп жүреді.  
Өз тілін жақсы көреді  
Өнерден кесте өреді.

**Сауле:**

Мырзажан деген бала бар,  
Бойында түрлі сала бар.  
Көпшілікті қуантып,  
Үлкен үмітпен қаратар.

**Тоғжан:**

Ән салғанда шырқап бір,  
Шаршамайды сірә бір.  
Әлинұр біздің өнерлі,  
Сырын терен ұға біл.

**Сауле:**

Арқасында талпыныстың,  
Көп қарайсың жалықпай.  
Кітапқа деген құмарлық,  
Нұрсаян көмектесер өзіңе  
Алдағы білім көзіне.

**Тоғжан:**

Нурислам болса кішкентай,  
Баяулап ұшқан күйкентай.  
Өнеріне қарасаң,  
Самғап ұшқан қырандай.

**Сауле:**

Инабатты сұлу қыз.  
Әдемі де түзу қыз.  
Жұлдыз топтың аруы,  
Еркелетіп жүреміз.

**Тоғжан:**

Айкен деген ұл да бар,  
Қыздар оны мақтаған.  
Жарыс десе жайнайтын,  
Топ намысын қорғайтын.

**Сауле:**

Өнермен ашып жетілген,  
Шешендік сөзбен көсілген.  
Таныстырсам оны мен,  
Мәделбай Ернұр оның есімі екен.

**Тоғжан:**

Спортпенен білім жағын бір қосқан,  
Кем қалмаған талантпенен табысқан.  
Қараңызда Дарханымыз ортада,  
Тауды бұзар шын кіріссе намыстан.

**Сауле:**

Еңбек сүйгіш, таудай талап бойында,  
Барлық істі тыңдау оның ойында.  
Қуанамыз кіші топтан келгеніне,  
Баяндай сұлу біздің тобымызда.

**Тоғжан:**

Біледі ол жақсы менен жаманды,  
Өнерменен тамсандырған адамды.  
Әлия ортамызда сұлу қыз,  
Сұлулығымен бағындырар ғаламды.

**Сауле:**

Әрі сұлу, әрі игі  
Келші Аружан қылықты.  
Он бір ұлы бар үйдің  
Жалғыз қызы сияқты.

**Тоғжан:**

Қане, Аяжан тобымның,  
Гүлі болып шыға ғой.  
Сені көрген адамның  
Қуанбауы күнә ғой.

**Сауле:**

Парасатты ер жігіт,  
Ақылыменен біледі.  
Сегіз қырлы, бір сырлы  
Жансерік күліп келеді.

**Тоғжан:**

Өлшеу жоқ өнерінің табысына,  
Болашаққа ойдағыдай барысына.  
Нұршат бар ортамызда,  
Көрсеткен үздік өнер сайысында.

**Сауле:**

Кіп-кішкентай болса да  
Елді аузына қаратар.  
Сүйкімді қыз А. Дана  
Көркі оның көз тартар.

**Тоғжан:**

Қуанам мен тобымның нұрларына,  
Балалардың туған ой мен қырларына.  
Тәрбиелеп өсірген жемістерім,  
Ризамын Айым мен Кәусардай қыздарыма.  
«Жұлдыз» тобының бітіруші түлектеріне тағы да бір қошемет көрсетіп қояйық.

**Қоштасу вальсі****Дархан:**

Мерекеде сызылтып ән салады,  
Ән айтып, би де билеп жан салады.  
Бұл ұлы мерекеде ән салғанда  
Бүкіл ел шапалақтап қарсы алады – деп Данагүлді «Көңілді күн» әнімен қарсы алайық.

**Ән «Көңілді күн»****Көркем:**

Алдындағы балалар  
Мектепке кетіп барады.  
Тақпақ айтып бір-бірден,  
Қимай кетіп барады, – дей келе ортаға балаларымызды өз тақпақтарын айтуға шақырамыз.

**Жұлдыз:**

Балабақша, балабақша,  
Шаңырағы шаттықтың.  
Балабақша қорғаны,  
Балғын сәби жастықтың.

**Айкен:**

Қуанамыз сыйлаймыз,  
Қуаныштың мың гүлін.  
Бақшамызбен қимай біз  
Қоштасатын күн бүгін.

**Мырзажан:**

Оқимыз, білім аламыз,  
Болашақ жолын саламыз.  
Бақшамызбен қоштасып,  
Біз мектепке барамыз.

**Майлыбай Ернұр:**

Үлкендердей тап-таза,  
Жазамыз бормен тақтаға.  
Үлгілі бала боламыз  
Жүретіндей мақтана.

**Аружан:**

Талай қызық той өткіздік,  
Бірақ орны бөлекше.  
Бақшамызбен қоштасатын,  
Бүгінгі той ерекше.

**Дархан:** біздің жігіттер апайлармен би билейді

**Би:** «Тапати»

**Алуа:**

Алты жасқа толамыз,  
Әдепті бала боламыз.  
Қуанып ата-ананы  
Мектепке кетіп барамыз.

**Мұхамедәлі:**

Ботаканым бөбек деп,  
Еркелеткен ұл-қызын.  
Анамызды ерекше  
Қуантағын күн бүгін.

**Айым:**

Өсті міне бойымыз  
Толды тағы ойымыз.  
Қуанышқа ортақпыз,  
Құтты болсын тойымыз.

**Аяжан:**

Бұл қуаныш себебін,  
Бізге қарап ұғарсың.  
Ер жетті деп бөбегін  
Туған Отан қуансын.

**Көркем:**

Рахмет көп-көп.  
Балаларымыз көнілді,  
Шақырамыз ортаға.  
Тойымызға сән беріп,  
Би билейік тамаша.  
Қыздар өз аналарымен билейді.

**Би « Анашым » Әсем же .**

**Ғажайып сәт:** ( Сайқымазақтардың келуі )

- Сәлеметсіздерме, балалар! «Жаксыны көрмекке» деген, сендер мектепке барады дегенді естіп, балаларға таңқаларлық ғажайыптар көрсетейік деп келдік . Сен шаршап қалдың ғой. Дем алсаңшы.

- Мына орындыкка отыр, отыр, отыр.
- Жок сен отыр
- Балалар, қазір сендермен алғашқы ойынды ойнауды бастаймыз. Мектепке дайынсыңдар ма тексеріп көрейін.

✓ **Ойын :** «Адаққан сандар»

Ойын шарты: балалар араласып жатқан сандарды алып ретімен тұра қалады.

**Ойын:** « Сыңарын тап»

Ойын шарты: бөлінген жемістерді біріктіріп сыңарын табу керек.

Жарайсыңдар, балалар ! Ал енді менде күшті өнерімді көрсетейінші. Мен ата- аналардың ішіненбірін тандап алайын. Мынау гүлді мен қазір орамалға айналдырайын « Алақай - Малақай». Міне керемет! Балалар ,сендер шеттеріңнен өнерлі, білімге құмар екенсіңдер. Сендер мектепке дайын екенсіңдер. Мектепте жақсы оқыңдар, апайларыңды ұятқа қалдырмандар. Сендерге ақжол тілеймін. Сау болыңдар!

**Ғалия:** Құрметті қонақтар, балалар әзірлеген «Мектеп бізді үйретеді» көрінісін тамашалаңыздар.

**Көрініс:** «Мектеп бізді үйретеді»

**Ғалия:** Ернұрға бүгін мереке,

Мектепке кетіп барады.

Барша жұртты қарагып,

Адамдар кетіп барады.

Бірақ, Ернұр жалғыз емес,

Соңында еріп кім келеді?

Қарандаршы, балалар поезд жүріп келеме?

Айтыңыздаршы, неліктен Ернұрға тіркесіп алдыңыздар? Ернұр сіздерге паравозба вагондарын сүйреп жүретін?

**Данагүл- анасы:** Көйлегінің ілмегін кім салады?

**Нурислам- әкесі:** Сөмкесін кім ұстап жүреді?

**Зере- әжесі:** Қарны ашса , бауырсақты кім береді?

**Мырзажан- атасы:** Бәтәңкесінің бауын кім байлайды?

**Ғалия:** өзі бәрін істейді?

**Данагүл- анасы:** Ол әлі кішкентай ғой.

**Нурислам- әкесі:** Ол әлі әлсіз ғой.

**Зере- әжесі:** Ол әлі жүдеу ғой

**Мырзажан- атасы:** Ол көп ауыра береді.

**Данагүл- анасы:** Менің кішкентай ғана баламды аяндаршы.

**Нурислам- әкесі:** Мен баламның сөмкесін көтеру үшін әдейі жұмыстан сұрандым.

**Зере- әжесі:** Немеремнің қарны ашып кетпесін деп, бауырсақ пісіріп алдым.

**Мырзажан- атасы:** Жіберіндерші мені, бауын байлап берейін.

**Ғалия:** Сіздерге не болған, Ернұр балабақшада болды, ол бәрін біледі. Сіздер қорықпаңыздар, қараңыздаршы, Ернұр аяғын нық басып барады.

**Дархан:** жарайсыңдар, достар, сендер сабаққа дайын екендерінді тағыда көрсеттіңдер. Ал енді кіші топтың балалары өз онерлерін сендерге тарту етпек. Соларға сөз берейік.

**Нұрасыл:**

Мектепке енді барыңдар.

Үлгілі бала болыңдар.

Жақсы оқып сабақты,

Кілең бестік алыңдар.

**Інкәр:**

Сүйкімді балғын бала шак,

Сендердікі болашак.

Озат болып оқыңдар,

Ойға білім тоқыңдар.

**Нұржанат:**

Өтті қызық көп күндер,

Алты жасқа жеттіңдер.

Қуанышка ортақпыз,

Құтты болсын тойларыңыз.

**Нұршат:**

Ойыншықты жинаймыз,  
Бөбектерге сыйлаймыз.  
Өнер- білім үйреткен  
Балабақшаны қимаймыз. ( ойыншығын сыйлайды)

**Жанель:**

Біздер үшін еңбек еткен шаршамай,  
Баршаңызға рахмет апайлар.  
Балабақша көркі болсын әрқашан,  
Кейінгі бүлдіршін балғын балалар.( ойыншығын сыйлайды)

**Көркем:** бұрымды қыздардың орындауында «Балапан» әні

**Ән:** «Балапан»

**Рамазан:**( анасымен бірге)

Апа, қандай болады мектеп деген?  
Қалайда оған баруым керекпе екен?  
Айтқаныңыз бойынша мұң құбылған  
Бір ғажайып мекенді елестетем.

**Мәделбай Ернұр:**

Рас па, ана апайлар жылы жүзді  
Қарсы алары жымыып, күліп бізді  
Ағалары мен әпкелер күлмейдіме  
Кіп- кішкентай көргенде түрімізді?

**Рамазан:**

Бестік деген бар дейді жақсы баға  
Өзі келіп сөмкеме толады?  
Шаршағанда, мектептен жалыққанда  
Оқымай – ақ қоюға болама?

**Мәделбай Ернұр:**

Пайдалы депірларда ойлайды да  
Түсте ұйықтатып қоймайды ма?  
Зілдей ауыр сөмкені тасымай- ақ  
Қалдыруға мектепке болмайды ма?

**Біздің қонақтар:** (біздің балабақшаны бітіріп кеткен түлектеріміз)

Тағай Дарын, Ерғазы Ұлдана, Ерғазы Нұрасыл, Ақайдар Гауһар.

**Дархан:** енді балалардың балабақшадағы апайларына өз ризашылықтарын білдірмек.

**Нұрислам:**

Гүлдендірген бақшаны,  
Меңгеруші апай жақсы адам.  
Сондықтан да біз үшін,  
Артықсыз сіз басқадан.  
Балқия Тәнірбергенқызына мың алғыс!

**Айсана:**

Жайдары жүз, ай қабак  
Жүреді бізді қарайлап.  
Тобымызға жиі кеп  
Білгенінді сұрайтын  
Ақыл айтып тұратын,  
Нышанкүл Түймешқызына көп рахмет!

**Баян:**

Денсаулығы болаттай,  
Ауруларды жолатпай.  
Күнде болған әбігер,  
Қамқоршымыз дәрігер.

Раушан апайға мың алғыс!

**Данагул:**

Үйренгенбіз өнер біз,  
Шетімізден шеберміз.  
Бал татыған әндерді  
Мың бұралған билерді  
Үйреткен сабира апайғамың алғыс!

**Зере:**

Бізді баптап қараған,  
Күлімдеген жақсы адам.  
Ақ төсекке жатқызған  
Басымыздан сипаған.  
Гүлзираш апайға мың рахмет!

**Би:** «Әсем әуен»

**Алуа:**

Баулап, баптап өсірген,  
Балалық етсек кешірген.  
Ұмытпаймыз өзінді,  
Ұмытпаймыз сөзінді.  
Таныстырған ең алғаш  
Әріптермен, сандармен,  
Доспен тату ойнауды,  
Мерекені тойлауды,  
Бойымызға сіңірген,  
Тоғжан апайға мың рахмет!

**Рамазан:**

Жазу жазып үйреткен,  
Әріптерді оқытқан.  
Санамақты жаттатып,  
Санауды бізге үйреткен.  
Жақсы болсақ қуанған,  
Қате болсақ кешірген  
Жаман болсақ ренжіген.  
Сауле апайға мың рахмет!

**Мұхамедәлі:**

Қызық сабақ тренингтер өткізген,  
Үйрендік талай жақсы істер біз сізден.  
Психолог Айгерім апай жайдары  
Қабылдасын бүгін алғыс біздерден.

**Әлия:**

Знать английский и казахский,  
Русский тоже надо знать.  
Чтоб прочесть простую сказку  
Или что-то написать.  
Ақмарал апайға мың рахмет!

**Айкен:**

Бізде мұнда әрдайым,  
Бәрі бәрі дап-дайын.  
Қамымызды ойлаған,  
Қоймашы Гулзия апайға мың алғыс!

**Нүрәли:**

Күліп қарап ісімізге шаттанған,  
Дәмді асымен жайған бізге дастархан.  
Анамыздай аялаған біздерді  
Гулдар, Забира, Насима, Айдана апайлар мінезі бай дархан.

**Каусар:**

Еңбек еткен еңселі,  
Сырты менен ішіне.  
Балабақша қызметін  
Иығына көтере.  
Күләш, Ұлдархан, Алима, Бағила апайларға мың рахмет!

**А. Дана:**

Балабақшам, бесігім,  
Қайсысын айта берейін.  
Қабыл алшы гүлімді  
Сіздерге сыйлап кетейін.  
Фарида, Мейрамкул, Қымқаш, Бекзат, Бағила апайларға мың рахмет!

**Жансерік:**

Мектепке енді барамыз,  
Оқимыз, сауық құрамыз.  
Қашық емес арамыз  
Бақшаға келіп тұрамыз.

**Нұрсаян:**

Сен үйреттің сөйлеуді,  
Сенде ойым есейді.  
Мен мектепке барамын,  
Балабақшам кош енді!

Би: «Анашым» »

Ән- хор: «Үйренеміз»

**Барлығы:**

Қуанышымыз біздің мол,  
Мектепке біз тарттық жол!  
Ұмытпаймыз өзіңді,  
Балабақшам кош- сау бол!

**Тоғжан:**

Бүгін міне, балабақшамыздың түлектерін ұшырғалы отырмыз. Балабақшаға бүлдіршін болып келіп, шәкірт болып аттанғалы тұрған тәрбиеленушілеріміздің балабақша қабырғасында жүріп «Қатынас», «Таным», «Денсаулық», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» салаларында өздерін дамытып, білімдерін шыңдап, мектеп білім ордасының табалдырығын аттауға дайын екендерін таныта білді.  
Биылығы түлектер өнерлі де алғыр болып мектепте де зор табысқа ие болады деген сенімдеміз. Осыған орай балабақша түлектеріне ақ жол тілеп, лебізін білдіруге балабақша меңгерушісі Балқия Тәңірбергенқызына және әдіскер Нышанкүл Түймешқызына сөз береміз.



*Қазығұрт ауданы Жаіабазар ауылы  
"Балдырған" бөбекжай балабақшасы*

# **"Төрлет, құтты жаңа жыл!"**

*ІІ кіші «Еркетай» тобы*

**Тәрбиеші: Даулетбаева Т.  
Қалыбаева С.**

**2018-2019 оқу жылы**



Бекітелген.

Әлібекұлы

## «Төрлет, құтты жаңа жыл»

**Жүргізуші:** Құрметті әріптестер, ата-аналар, бүлдіршіндер сіздерге жаңа ит жылында табыстарға жетіп, отбасыларыңызға қуаныш пен бақыт дендеріңізге саулық тілей отырып бүгінгі «Төрлет, құтты жаңа жыл» атты жаңа жылдық ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

**Ән: «Шыршаға бардым»**

**Айбар.**

Жаңа жылым мол болсын  
Басқан қадам оң болсын  
Төрле, төрле жаңа жыл  
Бізге құтты жол болсын!

**Ақыл.**

Аспан жерге төгеді  
Ақ күмісін уыстап  
Жаңа жылда келеді  
Бізге қарай жылыстап

**Айару.**

Тамаша, тамаша  
Шыршамыз тұр жараса  
Басында әсем жұлдызы  
Қөз тоймайды қараса

**Асылжан.**

Жаңа – жыл, жаңа – жыл  
Жаңа – жылда жаңа жыр.  
Жасыл шырша жанында,  
Жадырап барлық бала жүр.

**Айзере.**

Жаңа – жылмен, Жаңа – жылмен,  
Құттықтаймыз әрине  
Әкемізді – анамызды  
Қонақтардың бәрінде

**Сиқыршы ханшайым:** Сәлеметсізба менің достарым үлкен, кішкентай балғындарым. Мен сиқыршы ханшайыммын.

**Жүргізуші:** Қош келдің сиқыршы ханшайым. Бүгін бізде мереке өткізіп жатырмыз. Біз мерекеде өлең айтып, шыршаны айналып билеп жүреміз.

**Сиқыршы ханшайым:** Қызық екен, ол қандай мереке?

**Балалар:** Жаңа жыл.

**Сиқыршы ханшайым:** Қайдан ол келеді? Қайда ол сосын кетеді? Мен бәрін білгім келеді? Жаңа жыл деген не?

**Жүргізуші:** Сиқыршы ханшайым сіз бізге қонақ болыңыз, сонда жаңа – жыл қандай мереке екенін білесіз.

**Алина.**

Жаңа жылды қарсы алдық  
Мініп алып күймеге  
Менде бүгін ән салдым  
Араластым биге де.

**М.Іңкәр.**

Той мереке салтанат  
Думандатты шартарап  
Келді міне жаңа-жыл  
Тартуларын арқалап

**Инабат.**

Жаңа жыл, жаңа жыл,  
Сені күттім елеңдеп,  
Өзіңменен ілесіп,  
Аяз ата келер деп.

**Ж.Іңкәр.**

Жасыл желек жамылған,  
Асыл моншақ тағылған.  
Міне сұлу шыршамыз,  
Көптен күтіп сағынған.

**Жүргізуші:** Міне біздің жаңа жыл қандай. Бізбен бірге қалып балалармен би билеп, ән салып біздің мерекеміздің құтты қонағы болыңыз.

**Сиқыршы ханшайым:** Жаңа жыл не екенін енді білдім. Әрине менде сендермен қаламын жаңа жылды қарсы аламын. Бірақ мен Аяз атаны танымаймын. Ол кім?

**Балалар:** Аяз ата ол деген мейірімді, сүйкімді ақ сақалды ата. Ата көп ертегілерді біледі, ол ормандағы жануарлардың досы. Аяз ата барлық балалармен бірге билейді, ән айтады. Біз атаны жыл бойы күтеміз.

**Сиқыршы ханшайым:** Балалар мен Атаны таныдым (қоңырауды алып), қазір мен қоңырау шылдыратсам Аяз ата тез арада келеді.

**Музыка ойнайды, Гном билеп келеді.**

**Жүргізуші:** Балалар мынау аяз ата ма?

**Балалар:** Жоқ

**Гном:** Сәлеметсізбе балалар. Ия мен Гноммын.

**Сиқыршы ханшайым:** Ия сен Аяз ата емессің. Сенің мұрның қызыыл емес, сақалың ақ емес? Сен мұнда қалай келдің?

**Гном:** Сиқыршы ханшайым, сен қоңырауды шырылдаттың мені осында шақырдың. Мен тез арада балаларға жеттім.

**Жүргізуші:** Гном қандай күлкілі, қандай әдемісін сен бізбен қал біз өлең айтамыз, билейміз жаңа жылды қарсаламыз.

**Гном:** Әрине бүгін жаңа жыл ғой. Бәріміз шыршаны айналып ән айтайық.

**Би:** «Гномдар»

**Жалпы ұлдар.**

**Ойын:** «Қар лақтыру»

**Жүргізуші:** Балалар бізге Аяз атаның орнына бізге күлкілі Гном келді. Енді бізге Аяз атаны шақыршы сиқыршы ханшайым.

**Сиқыршы ханшайым:** Басынан бастап мен шатастым. Енді мен қайталамаймын. Маған тағы көмектесіп жіберіңізші, Аяз ата туралы тақпақ айтып беріңдерші.

**Өркен.**

Аппақ тонға оранып  
Базарлықты мол алып  
Келеді елге сапардан  
Аяз ата оралып

**Аяулым.**

Ақсақалды шал жылына  
Бір ақ рет келіп кетеді  
Қызы мен Ұлына  
Сыйлық алып келеді.

**Ұлжан.**

Келді тағы жаңа жыл  
Қуантумен біздерді  
Аяз ата келеді  
Құттықтауға біздерді

В гости елка к нам пришла,  
Детям радость принесла!

**Алинұр.**

Көрдiң бе Аяз атаны  
Аппақ екен сақалы  
Аппақ екен мұрты да  
Аппақ екен шапаны

**Жүргiзушi:** Көктемде оны көрмеймiз, жазда бiзге келмейдi, жылда ол қыс болғанда келедi.

**Сиқыршы ханшайым:** Қайталама, шатаспа қоңырауым шырылда. Ақ сақалды атаны, сен әкел тездет мұнда.

**МУЗЫКАМЕН АЯЗ АТА, АҚШАҚАР,** жаңа Ит жылы келедi.

**Аяз ата:** Сәлеметсiзбе балаларым, балаларым балғыным өмiр гүлiм, шалғыным. Тiлеймiн жыл бойы сендердiң денсаулығың. Менi көп күткен шығарсыңдар. Мен алыс-алыс жолдардан келемiн. Менiң балғындарым маған не әзерлеп қойды екен.

**Балалар:** Сәлеметсiзба Аяз ата, Ақшақар!

**Аяз Ата:** Қандай әдемі шыршаңыз. Бірақ шыршаныз көңiлсiз тұрған сияқты ғой. Кәне сиқырлы сөзбен оның шамдарын жарқыратайық!

Қуант бiздi таңырқат  
Шамдарыңды жарқырат!

**Балалар:** Қуант бiздi таңырқат  
Шамдарыңды жарқырат! ( қолдарын шапалақтайды)

**ШЫРШЫМЫЗ ЖАНАДЫ**

**Жүргiзушi:** Аяз ата сiз алыстан таудан шаршап келген шығарсыз. Бiзге қонақ болып, балалардың өнерiн тамашалаңыз.

**Б И « Шыршалар»**

**Айзере, Аяулым, Ж.Иңкәр, Назгүл, Алина, Ұлжан, М.Иңкәр, А.Кәусар.**

**Айша.**

Далада қар борайды  
Ақ мамыққа орайды  
Мұз болып қатады  
Жып жылтыр болып жатады

**Ы.Иңжу.**

Келедi деп Жаңа жыл  
Қоян, Қасқыр досым да  
Жиналыпты осында  
Кел, кел Жаңа жыл

**Қадырбек.**

Қалып едiк сағынып,  
Күтiп алдық жабылып.  
Жолын қойдың жарық қып  
Шыршамызға шам iлiп.

**Сүндетбек.**

Ақ таяғын таянып  
Таңмен бiрге оянып  
Аяз ата келiп тұр  
Ақ көрпеге, орнанып.

**Сезiм.**

Ал, балалар тұрайық  
Би – билейiк, ойнайық  
Аяз ата қуансын  
Дөңгеленiп зырлайық

### Ш.Інжу.

Аяз ата аппақ  
Кәмпиттері тәтті – ақ  
Маған кәмпит көп берсең  
Тағы айтамын тақпақ

**Жүргізуші:** Аяз Ата біздің балаларға сыйлықтарыңды беруге ұмытқан жоқсыңба?

**Аяз ата:** Дұрыс айтасын. Қазір берейін (іздейді), табылмайды. Сикыршы ханшайым маған көмектесші сыйлықтарыңды табуға.

**Сикыршы ханшайым:** Енді мен мұқият боламын, шатаспаймын сыйлықтарды табуға тырысамын. Сыйлықтарды тезірек іздеп табу үшін. Балалар тағы өнерлерін көрсетсін.

**Жүргізуші.** Олай болса тағы біздің сұлу қыздарымыз би-билеп, тақпақ, ән айтып береді.

**Би: «Көңілді қуыршақтар»**

**Ы.Інжу, П.Кәусар, Айша, Ш.Інжу, Раяна, Қ.Інжу, Сезім, Инабат, Айару.**

**Ойын: «Ата - анамен».**

**Назгүл.**

Біздің байтақ далада  
Асқар тауда қалада  
Биыл ғажап іс болды  
Таңғажайып қыс болды

Новый год, новый год,  
Елка и хлопушки  
Ну – ка Дедушка Мороз!  
Подарки, игрушки.

**Мейіржан.**

Жүзімізге күлкі ойнап  
Қанаттанды жанымыз  
Жаңа жылды біз тойлап  
Шаттанамыз бәріміз.

**Рамазан.**

Жаңа жылда жаңаша  
Біздер тақпақ айтамыз  
Болсын риза балаша  
Аппақ аяз атамыз.

**А.Каусар.**

Жаңа жылды қарсы алып  
Жасаймыз той жылда біз  
Жарқын-жарқын ән салып  
Жалғасады жылға –жыл

**ҚайратАлихан:**

Тамаша сый алып,  
Келді Аяз атамыз  
Шаттанып, қуанып  
Шырқап ән айтамыз.

**Ән: «Шырша тауда өсіпті»**

**Аяз ата.** Ой балалар сендерге рахмет, сендердің өнерлеріңнің арқасында, менің сыйлық толы қалтамды тауып алдым. Енді осы сыйлықтарыңды сендерге таратып берейін.

**Сикыршы ханшайым:** Жаңа жыл мерекеміз өте тамаша өтті. Біздің де кететін уақыт болды. Біз Аяз Ата Ақшақармен, Аққаламен бәріміз келесі жылға дейін қоштасамыз. Қош сау болыңыздар!

**Жүргізуші:** Міне бізде келе жатқан жаңа Ит жылды қарсалдық осымен «Төрлет, құтты жаңа жыл!» атты ертеңгіліміз аяқталды.



